

## Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 414 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15669 болып тіркелді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тылы және қару-жарак бастығының басқармасы:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тыл және әскери инфрақұрылым жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2017 жылғы 4 тамыздағы  
№ 414 бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары" (бұдан әрі – Қағидалар) әскери қызметшілерді, әскери жиындар кезінде әскери кафедраларының студенттерді, әскери оқу мекемелерге шақырылушыларды, түсу емтихандарға келген және "Жас ұлан" республикалық мектептерде қазармалық жағдайда кандидаттарді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін келесі кезде айқындайды (бұдан әрі – қанағаттанушылар):

1) азық-түлік өнімдерін жеткізу және әскери бөлім күштерімен қанағаттанушыларға тамақ дайындау кезінде;

2) мемлекеттік сатып алу жолымен коммерциялық құрылымдар арқылы қанағаттанушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

3) жеке тамақтандыру рациондарын қанағаттанушыларға (бұдан әрі – ЖТР) беру кезінде;

4) тиесілі азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтемақы беру кезінде тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (бұдан әрі – Қарулы Күштері) тамақтандыруды ұйымдастыру – құрамаларды, әскери бөлімдер мен мекемелерді (бұдан әрі – әскери бөлім) азық-түлікпен, азықпен, азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен үздіксіз қамтамасыз етуге және Қарулы Күштерінің қанағаттанушыларды белгіленген нормалар бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені.

Контингентке байланысты бір әскери қызметшіге тиесілі азық-түлік, әскери бөлімге тиесілі азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкі (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) "Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Жабдықтау нормалары) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен бекітілген.

Азық-түлікпен жабдықтау нормалары тәуліктік берумен есептеледі.

Тәуліктік беру – белгіленген Жабдықтау нормалары бойынша тәулігіне бір адамды тамақтандыру үшін тиесілі азық-түлік мөлшері.

Әскери бөлімде (бөлімшеде) тәуліктік беру тізімдік құрамға есептеледі.

2. Тамақтандыруды ұйымдастыру:

1) Қарулы Күштерде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау;

2) Қарулы Күштерде азық-түлікпен, азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз етуді нормалау;

3) Қарулы Күштерде қанағаттанушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру;

4) Қарулы Күштердің азық-түлік қызметін техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету;

5) азық-түлікті, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сақтауды ұйымдастыру;

6) тамақтандыруды ұйымдастыру кезеңдерінде жүзеге асырылады.

3. Қарулы Күштерде тамақтандыруды ұйымдастыруға жалпы басшылық жасауды Қарулы Күштерде азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жабдықталым органы болып табылатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығы басқармасының азық-түлік басқармасы (бұдан әрі – азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы) жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Әскери басқару органдарының басқа деңгейлерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға басшылық жасауды тиісті азық-түлік қызметтері жүзеге асырады.

5. Азық-түлік қызметін басқару органдарына:

1) орталықта – азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы;

2) Қарулы Күштер әскер түрлері бас қолбасшыларының, өңірлік қолбасшылықтары, әскер тектері қолбасшыларының басқармаларында, құрамаларда, әскери бөлімдер мен мекемелерде – азық-түлік қызметі жатады.

6. Қарулы Күштерді азық-түлікпен, техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету: орталық – әскер түрі бас қолбасшысының басқармасы;

әскер түрі бас қолбасшысының басқармасы – өңірлік қолбасшылық, әскер тегі қолбасшысының басқармасы;

өңірлік қолбасшылық, әскер тегі қолбасшысының басқармасы – құрама;

құрама – әскери бөлім (корабль);

әскери бөлім (корабль) – бөлімше – әскери қызметші схемасы бойынша жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Қарулы Күштерде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау**

7. Қарулы Күштерде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақша қаражатын жоспарлау осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жасалған Қарулы Күштерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жоспары және Азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз ету жоспары (бұдан әрі – Қамтамасыз ету жоспарлары) негізінде әскери басқару органдарының барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Қамтамасыз ету жоспарлары Қарулы Күштердің азық-түлікке, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкіне қажеттіліктің сандық және сапалық сипаттамаларын көрсетеді.

9. Қамтамасыз ету жоспарларын:

1) азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы – Қарулы Күштер үшін;

2) әскер түрлері мен тектерінің, өңірлік қолбасшылықтардың азық-түлік қызметі – бағынысты құрамалар, әскери бөлімдер мен мекемелер үшін;

3) құраманың азық-түлік қызметі – құраманың құрамына кіретін және жабдықталымда тұрған әскери бөлімдер мен мекемелер үшін;

4) әскери бөлімнің (мекеменің) азық-түлік қызметі – жабдықталымда тұрған әскери бөлім (мекеме) және әскери бөлімдер (мекемелер) үшін жасайды.

10. Қамтамасыз ету жоспарларын жасау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 9-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында аталған әскери басқару органдары азық-түлік қызметтерінің лауазымды адамдары ағымдағы жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасына құрамалардың, әскери бөлімдер мен мекемелердің азық-түлік қызметтері ұсынатын жылдық есеп-өтінімдерде негізгі және қосымша үлестерді тәуліктік берудің қажетті мөлшеріне өтінім жолдайды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Қарулы Күштерде тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты жоспарлау мынадай бағыттар бойынша:

1) қанағаттанушылардың тамақтануын қамтамасыз ету:

азық-түлік өнімдерін және азықты жеткізу;

мемлекеттік сатып алу арқылы қанағаттанушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

жабдықталушылар үшін ЖТР сатып алу жолымен;

2) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Қарулы Күштерде қанағаттанушылардың тамақтануын қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражатты жоспарлау үшін бастапқы деректер:

- 1) жоспарлы кезеңнің басында азық-түліктің нақты болуы;
- 2) жоспарлы кезеңнің басында қанағаттанушылар жеке құрамының тізімдік саны;
- 3) жабдықтау нормалары, әрбір негізгі норма бойынша олардың мөлшері;
- 4) жоспарланған кезеңде оларды жүргізу көзделетін ұйымдастыру іс-шаралары;
- 5) азық-түлік өнімдерінің және ЖТР құны болып табылады.

13. Қарулы Күштердегі жабдықталушылар азық-түлік үлестерінің құнын есептеу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қарулы Күштер жабдықталушыларының азық-түлік үлестері құнының есебі пайдаланылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**14. Алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Қарулы Күштердің қанағаттанушыларының тамақтануын қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражатты жоспарлау нәтижелері бойынша алынған деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бюджеттік өтініміне тиісті бөлім болып енгізіледі.

16. Қарулы Күштерде азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражатты жоспарлау үшін бастапқы деректер:

- 1) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің нақты болуы, жоспарлы кезеңнің басында пайдалану мерзімдерін ескере отырып, олардың сапалық жай-күйі;
- 2) қолданыстағы штаттарға, табельдер мен Жабдықтау нормаларына сәйкес техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету нормалары;
- 3) жүргізілетін ұйымдық іс-шараларды ескере отырып, әскерлердің штат саны;
- 4) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкіне арналған баға әлеуетті жеткізушілердің кемінде үш баға ұсынысы болып табылады;

17. Қарулы Күштер азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражатты жоспарлау нәтижелері бойынша алынған деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бюджеттік өтініміне тиісті бөлім болып енгізіледі.

### **3-тарау. Қарулы Күштерде азық-түлікпен, азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз етуді нормалау**

18. Әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етуді нормалау азық-түлікпен қамтамасыз ету нормаларын әзірлеуді, жетілдіруді және қолдану тәртібін айқындауды қамтиды.

Әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету Жабдықтау нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Азық-түлік үлестерінің және тамақтандыру рациондарының нормалары Қазақ тамақтану академиясымен бірлесіп, азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы әзірлеген организмнің тамақтануды ұтымды етуді қамтамасыз ететін биологиялық белсенді заттарға физиологиялық қажеттіліктері, сондай-ақ әскерлердің ұйымдық құрылымы, олардың жауынгерлік мақсаты, Қарулы Күштер әскери қызметшілері әртүрлі контингенттерінің әскери еңбегі мен тұрмысы шарттары көрсетіледі.

Тамақтандыруды ұтымды етудің ғылыми негізделген қағидаттарына сәйкес азық-түлік үлестерінің нормалары мынадай негізгі талаптарға жауап беруге тиіс:

1) организмнің өсуін және жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті белгілі бір арақатынастарда қажетті тағамдық заттардың мөлшері болуы;

2) әртүрлі энергетикалық шығындарды орындау үшін организмді қажетті энергия мөлшерімен қамтамасыз ету;

3) олардан әртүрлі және құнарлылығы жоғары тамақ дайындауға мүмкіндік беретін жақсы қортылатын азық-түліктен тұруға;

4) мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктері, әскери қызметшілердің әскери еңбегі мен тұрмысын есепке алу.

20. Азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін нормалау тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде уақтылы және толық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін бір қанағаттанушыға, бөлімшеге, әскери бөлімге босатылатын заттардың мөлшерін айқындау жолымен жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің тамақтануын ұйымдастыру**

21. Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін тамақтандыруды қамтамасыз ету тиісті кезеңге арналып бөлінген бюджет қаражаты лимиттері шегінде Жабдықтау нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрамаларының, әскери бөлімдері мен мекемелерінің асханаларында тамақтандыруды ұйымдастырудың мынадай тәсілдерімен жүзеге асырылады:

1) азық-түлік өнімдеріні жеткізу;

2) мемлекеттік сатып алу жолымен тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) ЖТР сатып алу тәсілдерімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Азық-түлік өнімін, тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу және ЖТР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.



Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. қанағаттанушылардың тамақтануын қамтамасыз ету азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдаудың және одан алудың мынадай тәртібін қолданумен жүзеге асырылады :

1) құрамаларды, әскери бөлімдер мен мекемелерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алу;

2) әскери қызметшілерді (әскери командаларды) азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және әскери қызметшілерді (әскери командаларды, бөлімшелерді) және олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен қамтамасыз етуден алу;

3) Қазақстан Республикасы басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерін жергілікті әскери басқару органдардан әскери қызмет өткеру орындарға жүру жолына азық-түлік үлесімен (ЖТР) қамтамасыз ету.

4) Оқу-жаттығуларда (маневрларда), далалық шығуларда әскери қызметшілердің тамақтануын қамтамасыз ету.

24. Құрамаларды, әскери бөлімдер мен мекемелерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге басқа құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алу қайта ұйымдастыру, қоныс аудару, уақытша орнын ауыстыру кезінде (оның ішінде жауынгерлік даярлық жоспарлары бойынша маневрлар мен оқу-жаттығуларды өткізу кезінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің нұсқауларына сәйкес басқа да жағдайларда жүзеге асырылады.

25. Азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау кезінде қабылданатын құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге әскери бөлімнің мынадай азық-түлік аттестаты жазып беріледі:

1) азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы – құраманың, мекеменің құрамына кірмейтін құрамаға, әскери бөлімге;

2) құрама – мұндай құраманың құрамына кіретін әскери бөлімге.

26. Құраманы, әскери бөлімді немесе мекемені азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау үшін көрсетілген бөлімшелер азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданатын құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге:

1) осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес берілген әскери бөлімнің азық-түлік аттестатын;

2) келген күніне азық-түлік қалдығы, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкі туралы мәліметтерді көрсете отырып бөлу балансын ұсынады.

27. Азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау нәтижелері бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданған құрама, әскери бөлім немесе мекеме азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасына орындалған іс-шаралар туралы есеп беруді ұсынады.

28. Азық-түлікпен қамтамасыз етуден алу кезінде алынатын құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес әскери бөлімнің азық-түлік аттестаты жазып беріледі.

29. Азық-түлікпен қамтамасыз етуден алуды ресімдеу үшін құрама, әскери бөлім немесе мекеме азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасына (одан азық-түлікпен қамтамасыз етілуден алынатын және алынатын):

1) азық-түлікті, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін қабылдау-тапсыру актілерін;

2) келген күніне азық-түлік қалдықтары, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкі туралы мәліметтерді көрсете отырып бөлу балансын ұсынады.

30. Құраманы, әскери бөлімді немесе мекемені азық-түлікпен қамтамасыз етуден алғаннан кейін (кейіннен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қоюсыз қоныс аударуына байланысты) азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы:

1) келген құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге дербес шот ашады;

2) құрама, әскери бөлім немесе мекеме ұсынған пайдаланылмаған әскери қызметшілердің азық-түлік аттестаттарының кітапшаларын қайта тіркейді;

3) әскери бөлімінің бөлу балансы және азық-түлік аттестаты бойынша құрамада, әскери бөлімде немесе мекемеде есепте тұрған азық-түлікті, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін есепке алу бойынша кіріске алады.

31. Құраманы, әскери бөлімді немесе мекемені құру кезінде азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы келген құрамаға, әскери бөлімге немесе мекемеге дербес шот ашады.

32. Әскери қызметшілер (әскери командалар, бөлімшелер) әскери бөлімге келісімен (келісімшарт бойынша әскери қызметшілер іссапарда болған жағдайларды қоспағанда) бөлім командирінің бұйрығымен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады.

33. Әскери қызметшінің (әскери команданың, бөлімшенің) тамақтануға, заттай азық-түлік немесе азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтемақы алуға құқығы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 7-тармағына және 48-бабына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау үшін негіз:

1) әскери қызметшінің азық-түлік аттестаты;

2) әскери қызметшінің (мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін) нұсқамасы, іссапар куәлігі немесе демалыс билеті болып табылады.

35. Запасқа шығарылған мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне азық-түлік аттестаты берілмейді. Азық-түлікпен қанағаттандырылғаны туралы нұсқамада көрсетіледі.



36. Әскери қызметшінің азық-түлік аттестаты Жабдықтау нормаларына сәйкес қай күнге дейін және қандай үлес нормалары бойынша әскери қызметші (әскери команда, бөлімше) әскери бөлімнен кеткен кезінде үлестің орнына заттай азық-түлікпен немесе ақшалай өтемақымен қанағаттандырылғанын растайтын құжат болып табылады.

37. Әскери қызметшілер әскери бөлімнен әскери команда (бөлімше) құрамында кеткен жағдайда барлық командаға бір азық-түлік аттестаты беріледі. Аттестатқа әскери қызметшілердің тізімі қоса беріледі, оған аттестатқа сияқты лауазымды адамдар да, сондай-ақ кететін бөлімшенің командирі (команданың жетекшісі) де қол қояды және ол әскери бөлімінің сүргілі елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

38. Азық-түлікке аттестатсыз әскери қызметшілер:

1) әскери қызметшілерде мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етілудің бастапқы құқығы туындаған кезде. Осындай жағдайларда олар әскери бөлім командирінің бұйрығымен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады (аттестатсыз);

2) кенеттен науқастанған кезде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-медициналық мекемесіне (бұдан әрі – әскери-медициналық мекеме) шұғыл жеткізілгендер қабылданады.

Осындай жағдайларда әскери-медициналық мекеме тиісті әскери бөлімнен азық-түлік аттестатын талап етуге міндетті, ал соңғысы – бір тәулік ішінде оны әскери-медициналық мекемеге жолдайды.

39. Әскери қызметші азық-түлік аттестатынсыз әскери бөлімге келгенде ол баянаты негізінде бөлім командирінің бұйрығымен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады, онда азық-түлік аттестатының болмау себебі және қай күнге дейін оның азық-түлікпен (ақшалай өтемақымен немесе ЖТР) қанағаттандырылғаны көрсетіледі.

Бір уақытта азық-түлік аттестатын берген әскери бөлімнен азық-түлік аттестатының телнұсқасы сұратылады, ол сұрау салуды алған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей оны жолдауға тиіс.

40. Әскери-емдеу мекемелерінде стационарлық емделу кезінде әскери қызметшілердің отбасы мүшелері әскери қызметшінің отбасы құрамы туралы кадр органының анықтамасы негізінде азық-түлікпен қамтамасыз етілуге қабылданады.

41. Қазақстан Республикасы басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы тиісті бастықтың бұйрығы шыққан сәттен бастап жүру жолына (жүру жолында жеті сағаттан артық болған кезде) азық-түлік аттестатымен (ЖТР) қамтамасыз етіледі.

Қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорынан жергілікті әскери басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

42. Қызмет өткеру орнына келісімен Қазақстан Республикасы басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерін тамақтануын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

43. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің гауптвахтасында жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасы басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері оған гауптвахта азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданған әскери бөлімінің мерзімді қызмет әскери қызметшілері қамтамасыз етілетін Жабдықтау нормаларында белгіленген азық-түлік үлестерінің нормалары бойынша тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілердің саны туралы мәліметтерді оған гауптвахта азық-түлікпен қамтамасыз етуге тіркелген әскери бөлімге гауптвахтаның бастығы күн сайын келесі күнінің қарсаңында ұсынады. Гауптвахта бастығы жабдықтылымнан шығарған кезде гауптвахта азық-түлікпен қамтамасыз етуге тіркелген әскери бөлімнің қолбасшылығын оның қарсаңында хабардар етеді.

44. Оқу-жаттығуларда (маневрларда), далалық шығуларда әскери бөлімнің жеке құрамын тамақтандыруды бөлімшелер (батальон, дивизион, жекелеген рота, взвод, бөлімше) бойынша далалық асханалар мен азық-түлік қызметінің басқа да техникалық құралдарын пайдаланумен әскери бөлім азық-түлік қызметінің бастығы ұйымдастырады. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелерінен коммерциялық құрылымдар арқылы тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде әскери қызметшілер қатарынан далалық асханаларға (плиталарға) от жағушылар бөлінеді.

Бүріккіштердің жұмысы үшін отынды қолданумен жұмыс істейтін азық-түлік қызметінің техникалық құралдары үшін жасаушы зауыттың техникалық сипаттамаларымен айқындалған шығыс нормаларына сәйкес отын бөлінеді.

45. Далалық асханалар мен азық-түлік қызметінің басқа да техникалық құралдары жоқ бөлімшелер тамақтануға әскери бөлім командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі (тыл) орынбасарының өкімімен осындай асханалары бар басқа бөлімшелерге тіркеледі, бұл ретте далалық асханалардың техникалық мүмкіндіктері мен азық-түлік қызметінің басқа да техникалық құралдары ескеріледі.

46. Азық-түлікті тарату мәзірі әскери бөлімнің барлық бөлімшелері үшін бірдей (ерекше жағдайларда бөлімше құраманың (әскери бөлімнің) негізгі бөлімшелерінің міндеттерінен ерекшеленетін міндеттерді орындаған кезде азық-түлікті тарату бөлек жасалады) жасалады.

47. Жеке құрамға ыстық тамақ Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тәулігіне үш-төрт рет беріледі.

Жағдай шарттары бойынша тәулігіне үш рет ыстық тамақ дайындау және беру мүмкін болмаған жағдайларда, таңертеңгі ыстық тамақты таратумен бір уақытта бөлімшелер жеке құрамының қолына аралық тамақтануға Жабдықтау нормалары шегінде тиесілі үлес есебінен азық-түлік (консервіленген және құнарландырылған азық-түлік) құрғақ күйде беріледі.

48. Оқу-жаттығуларда (маневрларда) және басқа да ерекше қызмет өткеру жағдайларында әскери қызметшілердің тамақтануы үшін жаңа жеткізілген

азық-түлікпен қатар Жабдықтау нормалары шегінде құнарландырылған және консервіленген азық-түлікті беруге рұқсат етіледі.

49. Далалық жағдайларда ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждар үшін ауызсу нормалары мынадай есеппен бір адамға тәулігіне 15 литр:

шайға және құтылардағы су қорына – 3 литр;

тамақ дайындауға – 4 литр;

шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарға – 8 литр.

50. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрамаларының, әскери бөлімдері мен мекемелерінің асханаларында тамақтандыруды ұйымдастыру әскери бөлімдердің күштерімен және тамақтандыруды ұйымдастыруға көрсетілетін қызмет жеткізушілерімен (бұдан әрі – жеткізушілер) жүзеге асырылады.

51. Технологиялық және тоңазытқыш жабдығын пайдаланумен айналысатын әскери бөлімдері асханаларының жұмыскерлері техникалық минимум бағдарламасы көлемінде сынақтар тапсырады. Сынақтарды тапсырмай асхана жабдық бірлігі жабдықты пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету қағидаларын және қауіпсіздік техникасын қатаң сақтауға, уақтылы ағымдағы жөндеуді жүргізуге және оны ұстау бойынша санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалауға міндетті белгілі бір адамға бекітіледі.

52. Әскери бөлімдердің асханаларында тамақ тарату мәзірі бойынша дайындалады. Тарату мәзірі азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы әрбір норма бойынша бөлек белгілеген бірыңғай азық-түлікті бөлу тәртібіне сәйкес жасайды.

53. Азық-түлікті бөліп салуды әскери бөлімі медицина қызметінің бастығымен, асхана бастығымен (асхана меңгерушісімен) және нұсқаушы-аспазшымен (бас аспазшымен) бірлесіп, азық-түлік қызметінің бастығы, Жабдықтау нормаларына сәйкес әскери қызметшілердің әрбір контингенті бойынша бөлек жасалады.

Емдеу үлесі және диеталық тамақтану бойынша азық-түлікті бөліп салу әскери бөлімде азық-түлік қызметі бастығының және нұсқаушы-аспазшының (бас аспазшының) қатысуымен медицина қызметінің бастығы жасайды.

Азық-түлікті бөліп салуға әскери бөлім командирінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі (тыл) орынбасары, азық-түлік қызметінің бастығы, медицина қызметінің бастығы қол қояды және әскери бөлімінің командирі бекітеді және жеткізушінің ресми өкілімен келісіледі (асханада тамақтану тамақтандыруды ұйымдастыруға көрсетілетін қызмет жеткізушілері ұйымдастырады).

54. Бекітілген азық-түлікті бөліп салуға өзгерістер енгізу бөлім командирінің рұқсатымен жүргізіледі.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Әрбір өзгерістер енгізілгеннен кейін әскери бөлім командирі өз рұқсатын азық-түлікті бөліп салуға қол қоюмен растайды.

Әдетте, азық-түлікті бөліп салу бөлек үш данада әрбір норма бойынша бір аптаға жасалады. Бірінші данасы (түпнұсқа) қызмет бухгалтериясында қалады (іс жүргізуде) және азық-түлік қоймасынан асханаға азық-түлікті жазып беру үшін негіз болып табылады және екінші данасы асханаға беріледі. Оның біреуі тамақтанушыларды таныстыру үшін асхана вестибюлінде ілінеді, басқасы тамақ дайындау кезінде басшылыққа алу үшін нұсқаушы-аспазшыда (бас аспазшы) болады.

56. Азық-түлікті бөліп салуды жасаған кезде жауынгерлік даярлықтың, белгіленген тамақтану режимінің ерекшеліктері мен сипаттамасы, азық-түлік сипаттамасының, азық-түлік үлесінің болуы және ассортименти, сондай-ақ тамақтанушылар ниеттері мен сұраныстары ескеріледі.

57. Үлес нормалары шегінде бір азық-түлікті басқаға ауыстыру тек азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы бастығының рұқсатымен тек норма бойынша тиісті азық-түлік қоймасында болмаған жағдайларда рұқсат етіледі.

58. Әскери бөлімдерде ыстық тамақ ішу тәулігіне төрт рет жоспарланған авиациялық бөлімдерді, әскери-медициналық мекемелерді және "Жас ұлан" республикалық мектептерін қоспағанда, тәулігіне үш рет таңғы ас, түскі ас және кешкі ас дайындалады және беріледі.

Жеке құрамның тамақ ішу уақытын әскери бөлім командирі айқындайды.

Энергетикалық құндылығы (калориясы) бойынша азық-түлік үлесінің азық-түлігін бөлу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

үш реттік тамақтану кезінде таңғы асқа 35%, түскі асқа 40%, кешкі асқа 25%;

төрт реттік тамақтану кезінде таңғы асқа 25%, екінші таңғы асқа (немесе екінші кешкі асқа) 10%, түскі асқа 40%, кешкі асқа 25%.

Әскери бөлімінің жауынгерлік даярлық шарттарына және күн тәртібіне байланысты үлесті бөлу әскери бөлім командирі өзгертуі мүмкін.

Тамақ ішу бойынша үлес құнын есептеу бөлек жоғарыда көрсетілген пайыздық арақатынасты ескере отырып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері авиациясының ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамын тамақтандыру әскери бөлімдердің тиісті асханалары (ұшқыштар, инженерлік-техникалық құрамы) арқылы ұйымдастырылады.

Авиациялық бөлім штабының өтінімі бойынша ұшулар күні ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамын тамақтандыру тікелей әуеайлақта ұйымдастырылуы мүмкін. Осы мақсаттар үшін дайындалған тамақ термостарда шығарылады, ал әуеайлақтарда тамақты жылыту және ішу үшін арнайы үй-жайлар жабдықталады.

Ұшқыштар үлесі бойынша тамақтануға "Ұшқыштар үлесі" ескертпесіне сәйкес Жабдықтау нормалары негізінде қабылданады:

Авиацияның инженерлік-техникалық құрамының әскери қызметшілерін тамақтандыруға қабылдау авиациялық бөлім командирінің не жоғары тұрған қолбасшының бұйрығымен жүргізіледі.

59. Авиацияның ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамын тамақтандыру:

1) авиациялық және авиациялық-техникалық бөлімдер таратылған (қайта құрылған) кезде;

2) ұшуларды тоқтатумен материалдық бөлімді ауыстырған кезде;

3) әскери қызметшілерді бір авиациялық (авиациялық-техникалық) бөлімнен басқаға ауыстырған кезде;

4) қолбасшылықтың немесе әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі бойынша ұшқыштар жұмысынан (ұшулардан) немесе ұшу аппараттарына қызмет көрсетуден шеттетілген (соның ішінде уақытша) кезде;

5) ұшулармен немесе ұшу аппараттарына қызмет көрсетумен байланысы жоқ жұмысқа ауыстырылған кезде тиісті үлестер бойынша тоқтатылады.

59. Ұшқыштар құрамының генералдары, офицерлері, мерзімді және келісімшарт қызметінің әскери қызметшілері (оның ішінде училищелерден келетіндер) ұшу аппараты экипажының құрамында лауазымды атқаруға кірісу туралы әскери бөлім командирінің бұйрығында көрсетілген күннен бастап ұшқыштар үлесі бойынша тамақтандыруға қайта қабылданады.

60. Авиацияның ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамының асханаларында тамақ азық-түлікті бөліп салу негізінде алдын ала тапсырыстар бойынша дайындалады.

61. Ұшқыштар құрамы ыстық тамақпен тәулігіне 4 рет қамтамасыз етіледі. Барлық жағдайларда, оның ішінде ұшуда тамақ ішу арасындағы аралықтар 4 - 5 сағаттан аспауға тиіс.

62. Демалыс, мереке және ұшпайтын күндері тамақ ішу көлемі тамақ ішу бойынша энергетикалық құндылығы бойынша азық-түлік үлесін бөлумен тәулігіне 3 ретке дейін: таңғы асқа – 30%, түскі асқа – 50%, кешкі асқа – 20% азайтылуы мүмкін.

63. Ұшу күндері ұшқыштар құрамы тамақты ұшулар басталғанға дейін 1,5 – 2 сағат бұрын ішеді.

64. Ұшу күндері энергетикалық құндылығы бойынша ұшқыштар үлесінің азық-түлігі бөлінеді: 1-ші таңғы асқа 3-5 сағат ұшулар кезінде 10-15 %, 8-9 және 14-16 сағат ұшулар кезінде 20-25 %, түнгі ұшулар кезінде 20-25 %; 2-ші таңғы асқа 3-5 сағат ұшулар кезінде 25-20 %, 8-9 және 14-16 сағат ұшулар кезінде 15-10 %; түскі асқа 3-5 сағат ұшулар кезінде 35-40 %, 8-9 және 14-16 сағат ұшулар кезінде 35-40 %, түнгі ұшулар кезінде 40-35 %; 1-ші кешкі асқа 3-5 сағат ұшулар кезінде 30-25 %, 8-9 және 14-16 сағат ұшулар кезінде 30-25 %, түнгі ұшулар кезінде 25-30 %; 2-ші кешкі асқа түнгі ұшулар кезінде 15-10 %

Екінші таңғы ас ұшулар арасындағы үзілісте немесе олар аяқталғаннан кейін беріледі.

65. Ұзақ қонусыз ұшуларды орындаған кезде ұшақтар мен тікұшақтар экипаждарының жеке құрамы борттық үлестермен қамтамасыз етіледі. Үлестердің қажетті санына өтінімдерді авиациялық бөлімнің штабы бөлімнің азық-түлік қызметіне ұшақтардың (тікұшақтардың) ұшуына дейін 10 сағаттан кешіктірмей береді.

Борттық үлестермен әрбір экипаж мүшесіне бөлек авиациялық-техникалық бөлімдердің асханалары жинақталады. Берілген борттық үлестер ұшақтар экипажы мүшелерінің азық-түлік аттестаттарына жазылады.

Борттық сөмкелерге салынған борттық үлестер мен ыстық шай құйылған термостар әуеайлаққа авиациялық бөлім штабының өтінімінде көрсетілген сағатта жеткізіледі және әрбір ұшаққа (тікұшаққа) жүкқұжатқа қол қойғызып бір экипаж мүшесіне тапсырылады.

66. Ұшулар тоқтатылған немесе бір тәулікке және одан артық кейінге қалдырылған және ұзақ қонусыз ұшқан кезінде, сондай-ақ белгіленген мерзімнен бұрын ұшақ (тікұшақ) ұшудан қайтып келген кезде ұшақтың экипажына борттық үлес бойынша берілген азық-түлік асханаға тапсырылады, осындай жағдайда экипаж мүшелері белгіленген тәртіппен асхана арқылы тамақпен қамтамасыз етіледі.

67. Ұшып өтетін ұшақтар мен тікұшақтар экипаждарының ұшқыштар құрамы және осы ұшақтар мен тікұшақтарға ілесіп жүру үшін тартылатын инженерлік-техникалық құрамы ұшып өту кезеңінде ұшу үлесі мен жалпы әскери үлес бойынша тегін тамақтануға арналған талондармен немесе ақшалай өтемақымен (егер ұшу азаматтық авиация әуеайлақтарына қонумен байланысты болса) қамтамасыз етіледі. Көрсетілген талондарды немесе ақшалай өтемақыны алған жеке құрам азық-түлікке арналған аттестаттарды берумен азық-түлікпен қамтамасыз етуден алынады.

Авиациялық бөлімдерге қызметтік іссапарларға кеткен кезде штабтар, басқармалар мен орталық аппарат ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері осындай тәртіппен тегін тамақтануға талондармен қамтамасыз етіледі.

Ұшып өту маршруты бойынша әскери әуеайлақтардың ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамының асханаларында тамақты ұшып өтетін ұшақтардың ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамы ұшқыштар және инженерлік-техникалық құрамының жабдықтау нормалары бойынша азық-түлікті бөліп салуларға қатаң сәйкесте алады.

68. Авариялар және мәжбүрлі қону жағдайында ұшақтар мен тікұшақтардың экипаждары азық-түліктің авариялық қор жиынтықтарымен қамтамасыз етіледі.

Ұшуларды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету бойынша кезекшілік атқаратын ұшақтар мен тікұшақтардың бортындағы ұжымдық пайдаланудағы құтқару



құралдарында, сондай-ақ жерүсті іздестіру-құтқару командаларының құтқару мүлкінде және парашюттік-десанттық құтқару топтарында тамақтану рациондары (үлестері) болады.

Авариялық қор жиынтықтарын пайдалану тек шөлдала және аз қоныстанған жергілікті жерлерде және теңізде авариялар мен мәжбүрлі қону жағдайында болған кезде, ал тамақтану (үлес) рациондары – теңізде апатқа ұшыраған жеке құрамды құтқару жөніндегі іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде жол беріледі. Авариялық қор өнімдерін және тамақтану (үлес) рациондарын есептен шығару іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу туралы іздестіру-құтқару және парашюттік-десанттық қызмет бастығының есеп беруін қоса берумен авиациялық бөлімінің командирі бекітетін актілер бойынша жүргізіледі.

69. Санаторийлер мен демалыс үйлерін қоспағанда, әскери-емдеу мекемелерінде наукастарды тамақтандыру емдеу үлесінің нормасы бойынша ұйымдастырылады.

70. Әскери-емдеу мекемесінде наукастар олардың келіп түскен уақытына байланысты:

8 сағатқа дейін келгендер – таңғы асқа;

8 – 13 сағатқа дейін келгендер – түскі асқа;

13 – 19 сағатқа дейін келгендер – кешкі асқа тамақтандыруға қабылданады.

Шығару кезінде азық-түлікпен қамтамасыз етуден алу азық-түлікке (яғни, кімге ол тиісті) аттестат бере отырып, жергілікті жағдайға байланысты таңғы астан, түскі астан немесе кешкі астан кейін жүргізіледі.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

71. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері әскери-медициналық мекемелерге (донорлар) қан тапсырған күні негізгі азық-түлік үлестерін беруге байланысты емес, "Донорларға арналған үлес" деген қосымша норма бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

72. Қосымша тамақтану азық-түліктері қолға берілмейді және олардың орнына ақшалай өтемақы төленбейді.

73. Қосымша тамақтануды донорлар әскери госпитальдар жанында қан тапсыру пункттеріне алады. Қан құю станциясының көшпелі бригадалары донорлардан қан алған жағдайларда қосымша тамақтану орнында әскери бөлімдерде ұйымдастырылады.

74. Қан тапсыратын күні мерзімді қызмет әскери қызметшілерін тамақтандыру бөлек азық-түлікті бөліп салуды жасай отырып ұйымдастырылады. Бұл ретте таңғы аспен кешкі ас негізгі үлестің толық нормасынан, ал түскі ас донорларға арналған үлес бойынша азық-түліктен дайындалады.

75. "Жас ұлан" республикалық мектептерінде оқу жоспарына, мектеп бастығының бекітілген күн тәртібіне сәйкес және тәрбиеленушілердің ниеттерін ескере отырып, бес рет тамақтану ұйымдастырылады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Спорт бөлімшелерінің мерзімді қызмет әскери қызметшісі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Спорт комитеті – Орталық спорт комитетінің әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткеретін спортшы әскери қызметшілеріне арналған норма бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

77. Спорт бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне азық-түлік тек әскери бөлімдердің асханалары арқылы азық-түлік түрінде беріледі.

Осы азық-түліктерді қолға беруге және олардың орнына ақшалай өтемақы беруге тыйым салынады.

78. Қазанға азық-түлік салуды асхана бойынша кезекшінің, бөлім бойынша кезекшінің және кезекші дәрігердің (фельдшердің) қатысуымен аспазшы салмақ бойынша жүргізеді.

Асхана жұмысын ұйымдастыру үшін күн сайын асхана бойынша кезекші тағайындалады, ол Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ішкі қызмет жарғысының (бұдан әрі – Ішкі қызмет жарғысы) талаптарына сәйкес міндеттерді орындайды.

Ағымдағы айға асхана бойынша кезекшінің қызметін атқаруға жіберілген адамдардың тізімін әскери бөлім командирі бекітеді. Асхана бойынша кезекші асханадағы тізімдеме бойынша жабдықты, жиһазды, асханалық-асүйлік ыдысты және мүкәммалды қабылдайды.

Тәуліктік наряд құрамына асхана бастығы және нұсқаушы-аспазшы тағайындалмайды.

**Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

79. Үстелдерге дайын ыстық тамақты беруді бастауға дейін оның сапасын Ішкі қызмет жарғысына сәйкес әскери бөлімнің лауазымды адамдары тексереді.

Дәрігер (фельдшер) бөлім бойынша кезекшімен бірлесіп, дайын тамақтың сапасын тікелей ыстық цехта, асхана үй-жайының, асханалық-асүйлік ыдыс пен мүкәммалдың санитариялық жай-күйін тексереді.

Тексеру нәтижелері тамақты дайындау сапасын бақылауды есепке алу кітабына жазылады. Осы кітапта дәрігер дайын тамақтың сапасы, асхананың санитариялық жай-күйі туралы жазба жазады. Одан кейін бөлім бойынша кезекші тамақты жеке құрамға беруге рұқсат береді.

Одан басқа, күн сайын әскери бөлімінің командирі немесе оның нұсқауы бойынша орынбасарлардың біреуі дайындалған тамақтың дәмін көреді. Тамақтың дәмін көру оның дәмдік сапасы мен көлемін, ет (балық) мөлшерінің, оларға гарнирлердің массасын, екінші және үшінші тағамдардың мөлшерін айқындау үшін жасалады.

Әскери бөлімінің командирі (әскери бөлім командирінің орынбасары) жеке құраммен бірге тамақты ішкен уақытта тікелей түскі ас залында бір үстелде тамақтың дәмін көреді. Тамақтың дәмін көру нәтижелері сонымен әрбір тағам бойынша бөлек бағалар қоя отырып, тамақты дайындау сапасын бақылауды есепке алу кітабына жазылады.

Жеке құрамға тамақты берген және оны ішкен уақытта әскери бөлім асханасында әскери бөлім бойынша кезекші болады.

80. Әскери бөлімде асханадағы аспазшылар саны оның штатымен белгіленеді. Аспазшылар санын айқындау (әскери бөлім штатын әзірлеу кезінде) кезінде асханада мынадай нормалар негізге алынады, 150 адамға дейін тамақтанса – 3 аспазшы, 151 – 200 адамға дейін – 4 аспазшы, кейіннен әрбір 125 тамақтанушыға – 1 аспазшы қосылады. Нұсқаушы-аспазшы 500 адамнан артық тамақтанушылар саны кезінде ұсталады және аспазшылардың есептік санына есептелмейді, ал тамақты дайындау технологиясы бойынша шебер – тамақтанушылар саны 1000 адамнан артық кезінде аспазшылардың есептік санына есептелмейді.

81. Курсанттар және ұшу-тактикалық асханаларында даяшылар мынадай есеппен ұсталады:

курсанттар асханасында – 50 адамға 1 даяшы;

ұшу-тактикалық асханада – тамақтанатын 40 адамға 1 даяшы.

82. Қосалқы жұмыстарды орындау үшін әскери бөлімнің асханасына мынадай есеппен тәуліктік наряд (асүй жұмыскерлері) айқындалады: 100 адамға дейін асханада тамақтанатындарға – 3 адам, әрбір кейінгі тамақтанатын 100 адамға қосымша 2 адамнан бөлінеді.

83. Нанды турау, қантты, майды мөлшерлеу және оларды беру үшін осы асханада тамақтанушылар есебінен:

500-ге дейін – 1 адам;

501-ден 1000-ға дейін – 2 адам;

1000-нан астам – 3 адам нан тураушы бөлінеді.

Коммерциялық құрылымдарды тартусыз тамақтану ұйымдастырылған әскери бөлімдерде нан тураушы бөлім командирімен айқындалатын мерзімге, бірақ кемінде

бір айға қатардағы жауынгер құрамының әскери қызметшілерінен әскери бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалады.

**Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

84. Тамақ ішуге түскі ас залын дайындау асхана бастығының және асхана бойынша кезекшінің басшылығымен тәуліктік наряд адамдары жүргізеді. Жеке құрам оны ішуге дайын тамақтың температурасы:

бірінші тағамдар үшін – 75 градус С<sup>0</sup> төмен емес;

екінші тағамдар үшін – 65 градус С<sup>0</sup> төмен емес;

шай – 80 градус С<sup>0</sup> төмен емес.

Нанның салмағы 50-75 грамм жұқа тілімдерге туралады және нормалар шегінде қажеттілігі бойынша беріледі (лоткаларда өз-өзіне қызмет көрсету желісіне қою әдісімен).

Егер тамақ ішу бір сағаттан асатын ауысымдар арасында үзілістермен бірнеше ауысым жүргізілсе, онда тамақ дайындау әрбір ауысым үшін бөлек жүргізіледі.

85. Бөлімшелер бойынша кезекшілер өз бөлімшелерін асханада қарсы алады, тамақ ішу кезінде болады және асханадағы тәртіпті қадағалайды.

Мерзімді қызмет әскери қызметшілері тамақты ішуді бастағанынан аяғына дейін болатын бөлімшелермен бірге асханаға таза киім-кешекте және аяқ киімде, бөлімше старшинасының немесе взвод сержанттарының (взвод командирлері орынбасарларының) бірімен сапта командамен келеді.

86. Астары жылы күртешеде, пальтода, бас киімде және арнайы (жұмыс) киім нысанында тамақ ішу жүзеге асырылмайды.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

87. Әтүрлі тапсырмаларды орындайтын және осыған байланысты тамақ ішпеген әскери қызметшілер үшін тиісті тамақтың шығысы қалдырылады. Қалдырылған тамаққа өтінімдер асханаға әскери қызметшілердің келген уақытын көрсете отырып, асхана бойынша кезекшіге рота (бөлімше) бойынша кезекші арқылы бөлімшенің старшинасы (сержант) береді.

88. Болмаған әскери қызметшілер үшін қалдырылған тамақ тоңазытқыш шкафта жеке жабық ыдыста 4 сағаттан артық емес, ал тоңазытқыш құралдар болмаған кезде 2 сағаттан артық емес сақталады. Бұл ретте ет пен балық мөлшерлері гарнирден бөлек сақталады. Тамақты беру қайта жылытудан және дәрігер (фельдшер) тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

89. Белгіленген тамақты сақтау мерзімдері өткенге дейін асханаға келуге мүмкіндіктері жоқ жеке құрам үшін азық-түлік қазанға салынбайды. Осындай

жағдайларда асхана бойынша кезекшінің нұсқауы бойынша болмаған әскери қызметшілер үшін тамақ асханаға олардың келу уақытына бөлек дайындалады.

90. Әскери қызметшілер әскери эшелондар, командалар құрамында және жеке тәртіпте жол жүрісінде:

1) далалық әскери эшелондар асханаларынан ыстық тағаммен;

2) азық үлесімен немесе осы паектерге ескертпелерге сәйкес жабдықтау нормаларының рациондарымен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.10.2020 № 568 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

91. Әскери эшелондар құрамында тасымалданатын әскери бөлім (бөлімше) азық-түлікпен:

тәулігіне әскери эшелондардың жол жүру нормаларына сүйене отырып, жүру жолына;

азық-түліктің белгіленген әскери және түсіру (кемінде 5 тәулікке) қорымен; далалық асүймен;

қажетті мүкәммалмен және басқа да мүлікпен қамтамасыз етіледі.

Әскерге шақырушылармен және запасқа шығарылған әскери қызметшілермен әскери эшелон азық-түліктің әскери және түсіру қорымен қамтамасыз етілмейді (жүру жолына тек ЖТР-мен).

Дербес әскери шаруашылық жүргізетін әскери бөлім әскери эшелонмен тасымалдау кезінде техникамен және қызметтік мүлікпен өз қоры есебінен қамтамасыз етіледі.

Егер қалыптастыру пунктінде әскери эшелон барлық жол жүруде нанмен, етпен және басқа да азық-түлікпен қамтамасыз етілмесе, онда әскери эшелондар жетіспеген азық-түлікті жол жүрген кезде әскери эшелон бастықтарының өтінімі бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің азық-түлік қоймасы немесе әскери бөлім арқылы алады. Өтінім жазбаша түрде әскери комендант арқылы жол жүрген кезде әскери эшелон келгенге дейін 10 сағаттан кешіктірмей оны әскери бөлім немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің азық-түлік қоймасы алатындай есеппен беріледі. Әскери эшелонға арналған азық-түлік оның тұрақ орнына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің азық-түлік қоймасы немесе әскери бөлім жеткізеді және оларды беру сенімхат бойынша жүзеге асырылады.

Әскери эшелонда далалық ас үйдің жұмысы үшін жанармай ретінде сұйық отын қолданылмайды.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

92. Далалық асүйден жеке құрамды ыстық тамақпен қамтамасыз ету тәулігіне кемінде екі рет жүргізіледі. Тамақ әскери эшелонның бүкіл жеке құрамы үшін бірыңғай азық-түлікті бөліп салу бойынша дайындалады.

93. Әскери командалар құрамында және жеке тәртіпте жол жүрісіндегі мерзімді қызмет әскери қызметшілері ыстық тағамды алу мүмкін болмаған жағдайда ЖТР-мен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.10.2020 № 568 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. Әскери қызметшілерге ЖТР беру кезінде жүру жолына жолда болу уақыты теміржол көлігінің кестесі бойынша есептеледі. Қайта отырғызумен жүру жолында қайта отырғызуға қажетті уақыт қосылады.

Бұл ретте үлестің немесе ЖТР орнына ақшалай өтемақы төленетін жалпы жолда болу уақыты тәулігіне (қайта отырғызу) жүріп-тұру нормалары есебінен: жолаушылар (жедел) поездарымен – 500 км, автомобиль көлігімен – 200 км, жүк көлігімен – 40 км есептелген мерзімнен артпауға тиіс.

Жүру жолында болу уақыты толық тәуліктерде есептеледі, бұл ретте 6 сағаттан артық толық тәулікке алынады.

95. Қарауылдар (командалар) құрамына тағайындалған әскери қызметшілер, оның ішінде жолсеріктер-механиктер осы жүктерді қабылдау орнына тасымалдау кезінде және жүру жолында немесе оларды тапсырғаннан кейін қайту кезінде әскери және арнайы жүктерді күзету, қорғау және бірге жүру үшін етті еті бар консервілерге ауыстырумен "Жүкке еріп жүру үшін" негізгі жабдықтау нормаларына қосымша үлесі бойынша екі жағдайда да жалпыәскери үлес бойынша ЖТР-мен немесе ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақты дайындау өз күштерімен ұйымдастырылады.

96. Жүктерді қабылдау немесе тапсыру орындарында қарауылдар (командалар) жеке құрамы осы әскери бөлімнің тиісті мерзімді қызмет әскери қызметшісіне үлес бойынша жақын әскери бөлімдердің асханалары арқылы азық-түлік аттестаттары бойынша тамақтанумен қамтамасыз етіледі. Осы әскери бөлімдер қарауылды (командаларды) жүру жолына жүкті тапсыру орнына дейін немесе жүкті тапсырғаннан кейін қайту кезінде азық-түлікпен (тамақтану рационымен) қамтамасыз етіледі.

97. Әскери бөлімдердің асханалары жоқ пункттерде жүктерді алған кезде қарауылдар жеке құрамы бүкіл жүру жолына осы қарауылдар жабдықталатын әскери бөлімдері азық-түлікпен (ЖТР) қамтамасыз етіледі.

## **5-тарау. Қарулы Күштері азық-түлік қызметін техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету**

98. Құрамаларды, әскери бөлімдер мен мекемелерді азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз ету штаттар, табельдер мен Жабдықтау нормалары негізінде жүзеге асырылады.



99. Азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін сатып алу мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс арқылы жүзеге асырылады.

100. Азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін бөлуді (қайта бөлуді) құраманың, әскери бөлімнің немесе мекеменің қажеттілігіне және олар орындайтын міндеттерге байланысты азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасы жүзеге асырады.

101. Жиындарға шақырылған әскери міндеттілермен жүргізілетін іс-шаралар әскери бөлімдерде бар техниканың және мүлктің есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорларынан қамтамасыз етіледі.

102. Азық-түлік қызметінің техникасына:

1) далалық техникалық құралдар:

дайындау, тасымалдау және тамақтану құралы (автомобиль, тіркеме, алып жүрілетін, тасымалданатын, газды асхана, тіркемелі және тасымалданатын плита, жылжымалы асханалық-асүйлік, автомобиль және тіркемелі асхана, термос, термос-жәшік);

далалық нан пісіру құралдары (автомобиль және нан пісіретін тіркеме блогы, жорықтық және жылжымалы нан зауыты, наубайхана жабдығы);

азық-түлік пен суды жеткізу, сақтау құралдары (автомобиль және тіркеме рефрижератор, изотермиялық, нан және құрастырылған фургон, изотермиялық контейнер, тіркемелі қойма, суға арналған автомобиль, тіркемелі және тасымалданатын цистерна);

тоңазытқыш құралдары (бөлшектенетін тоңазытқыш камера, шкаф, контейнер);

2) далалық жөндеу құралдары:

азық-түлік қызметінің техниканы жөндеу шеберханасы;

азық-түлік қызметінің тоңазытқышты және технологиялық жабдықты жөндеу шеберханасы;

3) әскери бөлім асханасының технологиялық жабдығы:

механикалық жабдық (әмбебап асхана машинасы, картоп тазартқыш машина, көкөніс кесуге арналған машина, сүртетін машина, балық тазалауға, ет, нан турауға арналған машина, ыдыс жуатын машина);

жылу жабдығы (қазан және тамақ пісіретін автоклав, плита, таба, қуыратын, наубайхана шкафы, су қайнатқыш, мармит);

4) асхана мен азық-түлік қоймасының тоңазытқыш жабдығы (тоңазытқыш шкаф пен камера, тұрмыстық тоңазытқыш);

5) стационарлық әскери нан зауытының технологиялық жабдығы: шикізатты елеуге, мөлшерлеуге, камырды илеуге, бөлуге, ашытып қоюға, нан пісіруге арналған жабдық;

6) салмақ өлшейтін аспаптар (үстел, тауар таразысы, гир) жатады.

**Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

103. Азық-түлік қызметінің мүлкіне:

1) асханалық-асуылық ыдыс және мүкәммал;

2) асханалық және азық-түлік қоймаларының, әскери нан зауыттарының механикалық емес жабдықтары (өзіне-өзі қызмет көрсету желісі, өндірістік үстелдер мен ванналар, ыдыс-аяққа арналған сөрелер, дайын тамақ пен ыдыс-аяқты тасымалдауға арналған арбалар);

3) азық-түлік қызметінде пайдаланылатын арнайы шатырлар мен брезенттер, сондай-ақ дастархандар, клеҰнкалар, майлықтар;

4) қосалқы бөлшектер, материалдар, азық-түлік қызметінің техникасын пайдалануға және жөндеуге арналған құрал-саймандар мен керек-жарақтар;

5) азық-түлік қоймаларына және әскери зауыттарға арналған зертханалық аспаптар мен реактивтер;

6) барлық түрдегі ыдыстар, сөрелер, тұғырықтар мен контейнерлер;

7) азық-түлік қызметі бойынша есепке алу және есептілік кітаптары мен бланкілері жатады.

#### **6-тарау. Азық-түлік, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сақтауды ұйымдастыру**

104. Азық-түлікті, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін өңірлік қолбасшылықтардың (әскер тектері мен түрлерінің) орталық және азық-түлік қоймаларында (бұдан әрі – азық-түлік қызметінің мүлкі), сондай-ақ әскери азық-түлік қоймаларында сақтау (бұдан әрі – қоймалар) ұйымдастырылады.

105. Әскери азық-түлік қоймаларына құрамалар мен әскери бөлімдердің азық-түлік қоймалары жатады.

106. Азық-түлік қызметінің мүлкін сақтау үшін қоймаларда әмбебап және арнайы сақтау орындары (қалқалар) жабдығталады.

107. Арнайы сақтау орындарына:

стационарлық тоңазытқыштар;

көкөністі сақтау орындары;

майды сақтау орындары;

ашыған және тұздалған көкөніске арналған сақтау орындары жатады.

108. Барлық сақтау орындары азық-түлік қызметі мүлкінің сенімді сақталуын, дұрыс орналастырылуын және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде механикаландырылған құралдардың қолдануын қамтамасыз етуге тиіс.

109. Типтік әскери азық-түлік қоймасы:

1) негізгі сақтау орнынан;

2) томат пастасын, өсімдік майын, тұздалған қияр мен қызанақты, жеміс-жидек пен көкөніс шырындарына арналған сақтау орындарынан;

3) жас картоп пен көкөніске арналған көкөністі сақтау орындарынан (көрсетілген азық-түлік түрлері үшін бөлек);

- 4) ашытылған және тұздалған көкөністерге арналған сақтау орындарынан;
- 5) ет, жаңа ауланған балық, шұжық пен ірімшік, май, қаймақ және сүзбе және басқа да тез бұзылатын азық-түліктерге арналған тоңазытқыштардан;
- 6) азық-түлік қызметінің техникасына арналған сақтау орнынан;
- 7) картоп пен көкөністі іріктеуге және қайта өңдеуге, шөпті, сабанды, ағаш ыдысты сақтауға арналған қалқалардан тұрады.

110. Әскери бөлімдерде азық-түлік қоймаларын салу кезінде азық-түлікпен қамтамасыз ету басқармасымен келісілген үлгілік жоба қолданылады.

**Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

111. Әскери бөлімінің азық-түлік қоймасы сақтау орнының арналуына байланысты:

- 1) еденге қойылатын және сөрелі стеллаждармен, ларьмен, контейнерлермен, қамбалармен, тұздағыштармен және басқа да жабдықтармен;
- 2) салмақ өлшейтін аспаптармен;
- 3) термометрлермен және психрометрлермен;
- 4) азық-түліктің, мүліктің орауын ашу, орау және ыдысты жөндеу үшін құрал-сайманмен;
- 5) азық-түлік сапасын айқындау үшін қарапайым аспаптармен, құрал-саймандармен ;
- 6) қойма үй-жайында, тұздағыштарда және бетон шұңқырларда жұмыс жасау үшін мүкәммалмен және арнайы киіммен (баспалдақ, резеңке етік, резеңке кілемшелер, газтұмшалар, қалайы айырлар);
- 7) картоп және көкөністерді іріктеуге арналған жабдықпен;
- 8) жинау мүкәммалымен;
- 9) арнайы жұмыс киіміне және шаруашылық мүкәммалына арналған шкафттармен;
- 10) шығыс қоймасына арналған жабдық жиынтығымен;
- 11) ет шабуға арналған үстелі бар дiңгектермен;
- 12) қойма бастығының жұмыс орнын жабдықтау үшін үстелдермен, орындықтармен және шкафттармен;
- 13) өрт сөндіру құралдарымен;
- 14) медициналық дәріқобдишамен;
- 15) оларды асханаға беру кезінде азық-түліктерге арналған ыдыс жиынтығымен жабдыкталады.

112. Барлық сақтау орындары өрт сөндіру-күзет дабылдамасымен жабдыкталуға тиіс.

113. Әрбір сақтау орнында әскери бөлімінің командирі бекітетін мынадай құжаттамалар:

- 1) қойма бастығының лауазымдық міндеттері;

- 2) қоймашының лауазымдық міндеттері;
- 3) қойма үй-жайларын ұстау бойынша плакаттар;
- 4) жасаушы зауыт көрсеткен сақтау талаптарына сәйкес азық-түлікті (мүлікті, техниканы) сақтау қағидалары;
- 5) азық-түлік және астық зиянкестерімен күресу тәртібі;
- 6) сақтау орнының үй-жайларында азық-түлікті, техниканы, мүлік пен жабдықты орналастыру схемасы;
- 7) әскери бөлімінің командирі бекіткен мынадай нұсқаулықтар:  
сақтау орнында жұмыс істеу кезінде электр қуатты қондырғылар мен қауіпсіздік техникасын пайдалану жөніндегі;  
тұздағыштарда немесе бетон шұңқырларда жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі;  
өртке қарсы қорғану жөніндегі, сондай-ақ өрт сөндіру құрамының есептобы;  
жеке құрамның іс-қимылдары және зілзала, өрт кезінде мүлікті эвакуациялау тәртібі жөніндегі және хабардар ету және радиоактивтік, химиялық және бактериологиялық залалдану сигналдары жөніндегі;
- 8) сақтау орнының техникалық сипаттамалары;
- 9) сөрелік (қатар), тұздағыштың, қамбаның жапсырма қағазы;
- 10) температураны және салыстырмалы ылғалдылықты тіркеу карточкалары;
- 11) сақтау орнына бекітіліп берілген ішкі жабдықтың, мүкәмалдың, құрал-сайманның тізбесі болуға тиіс.

114. Тоңазытқыш камераларында еденге қойылатын торлар, еттің сөлін жинауға арналған қаңылтыр табалар, етті ілуге арналған тат баспайтын болаттан (қалайыдан) жасалған ілмектер болуға тиіс. Тоңазытқыш камералары алынбалы-салынбалы торлы металл қоршаулармен жабдықталады және жерге сенімді түйістіріледі.

115. Қойма үй-жайлары, сақтау орындарының жабдығы азық-түлік қызметінің объектілеріне қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарға жауап беруге және өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

116. Үй-жайды жинау жұмыс күнінің соңында тәулігіне бір реттен сиретпей жүргізіледі.

Азық-түлікті немесе мүлікті әрбір босатқаннан кейін төгілген өнім еденнен сыпырылады, кірден тазартылады және т.б.

Қабырғадан, еденнен, азық-түлік бар ыдыстан, сөреден, стеллаждан шаңды сүртумен қойма үй-жайын толық жинау аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі.

**Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

117. Азық-түліктің зиянкестермен залалдануын тексеру суық кезеңде айына бір реттен сиретпей және ауа температурасы 10 С° жоғары болған кезде аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі.

118. Жылына кемінде бір реттен сиретпей залалсыздандыруды, дезинсекциялауды және қатерсіздендіруді жүргізу қамтамасыз етіледі.

119. Азық-түлік қызметінің объектілерінде тұрақты жұмыс істейтін адамдар (қойма бастығы, қоймашылар, тоназытқыш және технологиялық жабдықтарды жөндеу жұмыстар бойынша мамандар, экспедиторлар, жылдам бұзылатын азық-түлік пен нанға арналған арнайы көліктердің жүргізушілер құрамы) алдын ала медициналық тексеруден, кәсіптік гигиеналық дайындықтан және аттестациядан өткеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

Медициналық тексеру нәтижелері дәрігермен (фельдшер) жұмыскердің жеке санитариялық кітапшасына жазылады.

120. Қойма үй-жайларын ағымдағы жөндеу жылына бір реттен сиретпей жүргізіледі

## **7-тарау. Тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау**

121. Әскери бөлімдерде тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау осы Қағидалар негізінде және тамақтандыруды ұйымдастыруға көрсетілетін қызметтер жеткізушілермен шарттар жасасу негізінде жүзеге асырылады.

122. Әскери бөлімдерде азық-түлік үлесінің нормаларын жеткізу және оның сапасы мәселелері бойынша бақылау күн сайын жүзеге асырылады. Әскери бөлімдердің қолбасшылығы (тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті қабылдаушылары), Тапсырыс берушінің және Жабдықталым органының өкілдері тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған шарттар талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

123. Азық-түлік үлесінің нормаларын жеткізуді және оның сапасын тексеру, азық-түлікті тәуліктік беруді жоспарлау және жұмсау нәтижелері бойынша мынадай бұйрықтар шығарумен талдау жасалады:

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бойынша – жылына бір рет;

әскер түрлерінде – жарты жылда бір рет;

әскер тектері мен өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінде – тоқсанына бір рет.

124. Азық-түлік үлесінің нормаларын жеткізу және оның сапасын тексеру барысында:

1) белгіленген нормалармен тиесілі азық-түлік өнімдерін негізсіз ауыстыруды болғызбауға;

2) тамақтандыруды ұйымдастыруға көрсетілген (орындалған) қызметтер актілерінде қосымша пайдаланылған тәуліктік беру мәліметтерді және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақшалай қаражат сомасын көрсетуге,

көрсетілетін қызметті жеткізушілердің мынадай шарттық міндеттемелерді орындауын күн сайын бақылау нәтижелерінің болуына:

аспаздар, нан тураушылар және асхана жұмыскерлері құрамының белгіленген санын ұстау бойынша;

санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, азық-түлік өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың болуы бойынша;

жалға берілген асхана үй-жайларын, қоймаларды, технологиялық, механикалық, механикалық емес, тоңазытқыш жабдығын және асханалық-асүйлік ыдысты ақаусыз жай-күйде ұстау бойынша;

3) әскери бөлім аумағына сәйкестік сертификатынсыз, ветеринариялық куәліктерсіз (сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар) азық-түлікті алып кіру фактілерін болғызбау үшін өткізу режимін бақылау күшейтілсін;

4) әрбір айдың бірінші сәрсенбесінде тамақты дайындау сапасы және мөлшерінің толық салмағы бойынша сұрау (сауалнама) жүргізуге;

5) азық-түлік үлесінің нормаларын жеткізуді және оның сапасын тексеруге талдау жүргізуге, бұйрықтар шығарумен – ай сайын тәуліктік беруді жоспарлауға және жұмсауға бақылау жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының  
Қарулы Күштерінде  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына  
1-қосымша

### азық-түлікпен қамтамасыз ету жоспары

(әскери бөлімнің (мекеменің) атауы)

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

p/c №	Әскери бөлім (мекеме)	Қарауы лға түсетін жеке құрам саны (адам тәулігін е)	Қарауы лда қызмет өткерге н кездегі қосым ша үлес (адам тәулігін е)	Жауын герлік кезекші лікке түсетін жеке құрам саны (адам тәулігін е)	Далалы қ шығула рға тартыл атын жеке құрам (саны (тәулікті к беру жылын а)*)	Қосым ша үлес су (тәулікті к беру жылын а)	Түскі аспен қамтам асыз етілетін офицер лер (құрамы мен келісім шарт бойын ша әскери қызмет	Тамақт андыру мен қамтам асыз ету мүмкін дігі болмағ ан кезде жалпыә скери үлестің құны мөлшер індегі ақшала	Жалпы әскери үлес	Инжене рлік-те хникал ық үлес	Одан әрі тиісті нормал ар бойын ша, оның ішінде қосым ша үлестер бойын ша
-------	-----------------------	---	---	--	--	---	---	--	-------------------------	--	--





1	тар, әскер тектері бойынша																			
2	Құрлық әскерлері																			
3	Жеке құрам санының жиыны																			
4	Күндер санының жиыны																			
	Құрлық әскерлері үшін барлық тәуліктік беру																			

\*далалық шығулар кезінде, оқу-жаттығуларда, маневр жасауда, полигондарда: роталық-тактикалық оқу-жаттығулар жылына \_\_\_ рет \_\_\_ күннен; батальондық-тактикалық оқу-жаттығулар жылына \_\_\_ рет \_\_\_ күннен; батальонның далалық шығуы жылына \_\_\_ рет \_\_\_ күннен; одан әрі далалық шығулармен іс-шаралар бойынша қамтамасыз етіледі. Жиыны: \_\_\_\_\_ күн.

Қазақстан Республикасының  
Қарулы Күштерінде  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына  
2-қосымша

\_\_\_\_\_ азық-түлік қызметін техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету жоспары  
(әскери бөлімнің (мекеменің) атауы)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Техникалық құралдар (мүлік) атауы	Ұстауға тиіс	Қолда бар					Жөнделуге тиіс		5-санат (есептен шығарылуға тиіс)	Ескертпе
			Барлығы:	1-санат	2-санат	3-санат		4-санат			

Қазақстан Республикасының  
Қарулы Күштерінде  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына  
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің азық-түлік үлестері құнының есебі

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 10.09.2019 № 710 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Азық-түлік үлестерінің құнын қалыптастыру келесі жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті жоспарлау процесінде жүзеге асырылады.

2. Осы Есептің 2-тармағында көрсетілген азық-түлік үлестерінің құнын қалыптастыру кезінде мынадай құрамдастар негізге алынады:

1) жабдықтау нормаларына сәйкес азық-түлік өнімдерінің тізбесі және олардың мөлшері;

2) жабдықтау нормаларына сәйкес азық-түлік өнімдерінің, азықтың орташа жылдық бағасы;

3) жоспарлы кезеңге арналған елді әлеуметтік-экономикалық дамыту болжамының деректеріне сәйкес жоспарланған жылдық инфляцияның деңгейі.

3. Азық-түлік өнімінің орташа бөлшек бағасы статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми сайтында жарияланатын, тиісті айға өзекті деректеріне сәйкес айқындалады. Бұл ретте азық-түлік өнімінің орташа бөлшек бағасы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған бағалардың дерекқорында көрсетілген іс жүзіндегі орташа бағадан аспауға тиіс.

Азық-түлік өнімінің жылдық орташа құнының есебі орташа арифметикалық көрсеткішті алу жолымен жүзеге асырылады:

$$C = \frac{Ц1 + Ц2 + Ц3 + \dots + Ц12}{12}$$

C – азық-түлік өнімінің жылдық орташа құны;

Ц1 – өткен жылдың ақпанына арналған азық-түлік өнімінің құны;

Ц2 – өткен жылдың наурызына арналған азық-түлік өнімінің құны;

Ц3 – өткен жылдың сәуіріне арналған азық-түлік өнімінің құны;

Ц12 – ағымдағы жылғы қаңтарға арналған азық-түлік өнімінің құны.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.04.2024 № 370 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның қандай да бір азық-түліктің түріне деректер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының барлық

өңірлерінен азық-түліктің әлеуетті жеткізушілерінен кемінде үш баға ұсынысы негізге алынады. Осындай жағдайда азық-түлік өнімдерінің орташа жылдық құнының есебі әлеуетті жеткізушілер азық-түлік өнімдеріне ұсынған бағадан орташа арифметикалық көрсеткішті алу жолымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ